

**ЖАҒАНДЫҚ ЖӘНЕ ҒАРЫШТЫҚ
ҚОЛДАНБАЛЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ
ДАМУЫ БАҒЫТТАРЫ**



Қарағанды 2019

Ғарыш саласының даму тарихы

Спутник-1 — Жердің алғашқы жасанды серігі, 1957 жылдың 4 қазанында орбитаға ұшырылған, кеңес ғарыш аппараты. Ұшырылым КСРО қорғаныс министрлігінің «[Тюра-Там](#)» 5-ші ғылыми-зерттеу полигонынан «[Спутник](#)» зымыранымен жүзеге асырылған. Жердің жасанды жерсерігін, тәжірибелік космонавтика негізін қалаған С. П. Королёв және [М. В. Келдыш](#), [М. К. Тихонравов](#), [Н. С. Лидоренко](#), [Г. Ю. Максимов](#), В. И. Лапко, т.б. ғалымдар қатысқан.

Ұшырылым күні адамзат үшін ғарыш дәуірінің бастамасы болып есептелінеді. Осы оқиға құрметіне 1964 жылы Мәскеудегі Мира проспектіде ВДНХ метросы қасында 99 метрлі «Ғарышты бағындырған» деген ұшырылып жатқан зымыран бейнесіндегі ескерткіш орнатылған.

Кеңес үкіметі «Спутник-1» Халықаралық Геофизикалық жылға сәйкес ресми түрде өзіне қабылдаған міндеттер бойынша ұшырған. Гагарин Ю.А. ұшқыш-ғарышкері басқарған «Восток» зымыранының старты 1961 жылы 12 сәуірде Мәскеу сағаты бойынша сағат 09:07 Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы — әлімде алғашқы, ең ірі және үлкен сұранысқа ие аймақ. Қазақстан территориясында, Қызылорда облысында Торетам айылы маңында орналасқан. Алатын аумағы 6717 км². Кеңес одағы ыдырауына дейін ең үлкен және незігі аймақ ретінде қолданылды. Байқоңыр қаласы мен аймағы бірге «Байқоңыр» кешені ретінде 2050 жылға дейін Қазақстанна Ресей жалға алды. 2012 жылға сәйкес Байқоңыр ұшырылым бойынша жетекші орнын сақтап отыр: 21 зымыран ұшырылған.



Тоқтар Әубәкіров - қазақ ұлтындағы алғашқы ғарышкер



Талғат Мұсабаев - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы



Айдын Айымбетов – үшінші қазақстандық ғарышкер



Тоқтар Әубәкіров — Кеңес одағының 72-ші және алғашқы қазақ ғарышкері. 1991 жылы 2 қазанда Александр Волков және австриялық ғарышкер Францем Фибёкпен бірге «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінің зерттеуші ғарышкері ретінде ғарышқа аттанды. Бір апта уақыты ішінде «Мир» орбиталық кешені бортында жұмыс істеді. Талғат Мұсабаев 79-ші Кеңес/Ресей, 309-ші әлем бойынша, қазақ ұлтындағы екінші ғарышкер болып табылады. Ол ғарышқа үш рет ұшқан, ғарышта болған жалпы уақыт 341 күн 9 сағат 48 минут және 41 секунд.

Айдын Айымбетов қазақстандық ғарышты мемлекетаралық орбитаға қайта көтерді. Ғарышта 10 күн өткізіп, он шақты қиын сынақтар жүргізді. Халықаралық экипаж құрамына Қазақстандық ғарышкер Айдын Айымбетов, ресей ғарышкері Геннадии Падалка, даниялық астронавт Андреас Морган кірді.

Ғарыш саласының қазіргі жағдайы мен мәселелері

Қазақстанның Жерді қашықтықтан зондтау серіктері


DZZ-HR ғарыш аппараты – Қазақстан Республикасының серіктік зондтау Жүйесі үшін Astrium компаниясымен құрылған жоғары рұқсатты ғарыш серігі. Ғарыш серігінің салмағы 900 кг және Жер орбитасына 2014 жылдың екінші кварталында Француз Гвианасында ArianeSpace's Vega жүйесімен Гвиан ғарыш орталығынан 750 км биіктікке шығарылды.



Қазақстандық жоғары және төменгі рұқсатты
жерді қашықтықтан зондтау серігі

KazSat-2 (KazSat-2) —Қазақстан Республикасының тіркелген спутниктік байланыстың ғарыш аппараты. KazSat-2 ғарыш аппараты Байқоңыр ғарыш айлағынан 2011 жылдың 16 маусымында ұшырылды. [ГСО](#) бойынша тұру нүктесі $86,5^{\circ}$ ш.б. Республикалық ғарыш байланысы орталығының жарлығы бойынша *KazSat-2* ғарыш кемесінің қызмет көрсету аймағына Қазақстан Республикасының барлық территориясы, Орта Азия мен Ресейдің орталық территориялы кіреді.


Қазақстан мамандарының айтуынша жаңа ғарыш серігі Қазақстан Республикасындағы ақпараттық қамтамасыздандырумен байланысты барлық мәселелерді шешуге көмектеседі. «KazSat-2» Республикамызға қажетті ақпаратты қызмет көрсету саласын, оның ішінде электронды үкімет, интернет пен ұялы байланыс үшін кеңейтілген спектрлерді кеңейтуге мүмкіндік береді.



KazSat-2 ғарыш кемесі

2014 жылғы 29 желтоқсанда "Республикалық ғарыштық байланыс орталығы" АҚ KazSat-3-ті байланыс және хабар тарату ғарыштық аппаратын жасаушы - Ресейдің академик Решетнев атындағы "Ақпараттық спутниктік жүйелер" ААҚ-дан қабылдап алуды жүзеге асырды

Ғарыш аппараты Қазақстан территориясында [DTH](#), кең жолақты жүйелер мен [VSAT](#), дауыс пен видеоконференция байланысты тасымалдау үшін $58,5^\circ$ [Ш.б.](#) тұру нүктесіне орналастыруға арналған.



KazSat-3 геостационарлы телекоммуникациялық ғарыш серігі

Ғарыштық саласының инновациялық даму болашағы

«Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамы 2005 жылдың 17 наурызындағы ҚР Үкіметінің № 242 қаулысымен құрылды.


«Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» Акционерлік Қоғамы ұлттық экономиканың ғарыштық саласын құруға бағытталған келесі жобалар мен шараларды орындау арқылы Бағдарламаны іске асыруға үлес қосуда.

«Қазақстан Республикасының «Жерді қашықтықтан зондтаудың ғарыштық жүйесін құру» Жобасы (ҚР ЖҚЗ ҒЖ).

Жобаға кіреді:

- екі ғарыштық аппараттарды құру және ұшыру: жоғары және орташа дәлдікті;
- ғарыштық аппараттарды жерден басқару кешенін құру;
- жердегі мақсатты кешенді құру, оның ішіне басты ақпаратты орталық, ақпаратты қабылдау, өңдеу және тарату станцияларының жердегі желісі кіреді.

ҚР бүкіл территориясында орнатылған 60 дифференциалды станциялардан тұратын желі құрылған және жұмыс істейді.



Дифференциалды станциялардың желісі

Каспий теңізінің жағалауында Теңіздік жергілікті дифференциалды станция орнатылған. Ол кемелердің портқа кірерде және кемежай айдынында маневрлер орындау кезінде қауіпсіздіктерін қамтамасыздандыру мақсатымен құрылған.

Қорытынды

Брошюрада алғаш рет адамның ғарышқа ұшуынан бастап Жерді қашықтықтан зондтаудың серіктерінен заманауи компьютерлік өңдеу бағдарламаларына дейінгі ғарышкерліктің даму тарихы көрсетілген.

Қазақстан ғарыштық мемлекет деп бекер айтылмаған, өйткені біздің республикамыздың территориясында әлемдегі бірінші, ең ірі және талап етілген Байқоңыр ғарыш алаңы орналасқан. Соңғы жылдары Байқоңыр зымырандарды ұшыру саны бойынша алда келе жатыр: орташа есеппен жыл сайын 20 дейін тасығыш-зымырандар ұшырылады, ал екінші орындағы АҚШ Канаверал мүйісі ғарыш алаңынан бір жылда 10 тасығыш-зымырандар ұшырылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан ғарышкерлер саны бойынша да алда: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Аймбетов. Олар өсіп келе жатқан жасөспірімдер мен жастарға үлгі-өнеге болады. Авторлардың ойынша, олардың жаттықтырулары мен өзіндік даму жұмыстары бәріне үлгі болады, оларды мақтаныш етуіміз керек.

Жерді қашықтықтан зондтаудың және байланыс серіктері жылдан жылға мемлекетіміздің қауіпсіздігі мен экономика салаларында өте маңызды орын алуда. Бүгінгі таңда Қазақстанда 2 байланыс серігі мен орбитада 2 ЖҚЗ серіктері бар.